

ӘОЖ 159.9

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТА БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН
ДАМУДА МУЛЬТФИЛЬМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

Менлибаева Жулдиз

zhuldyz.menlibayeva@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының
3 курс студенті. Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Жумабекова Ф.Н

Қазақстан Республикасының экс-Президенті Н.Әбішұлы Назарбаевтың: 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына жолдауында еліміз дамуының жаңа кезеңнің келесі он жылға арналған бағыт - бағдарын анықтап, айқындап берген болатын. Сондықтан бала бақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруда тәрбиешілер мен педагогикалық қызметкерлер алдында үлкен мақсатты жұмыс тұрғандығын көрсетеді. Замана алға қойған бұл міндеттерді өз мәнінде шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы-мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды [1].

Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу - біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие - балалардың адами сана-сезімін, мінезқұлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік пен кішіпейілдік, қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалылық адамзат тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер не айтса, соны айтатыны, не істесе, соны істегісі келетіні белгілі. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені ол үшін адамгершілік тәрбиенің ең үлкені. Демек, жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға берер тәлімі мол болмақ. Бүгінде көгілдір экранның, жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының адамзат баласы үшін маңызы зор [2].

Мультфильм - жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Мамандардың пікіріне сүйінсек, балалар мен жасөспірімдер теле-аудиторияның ең белсенді көрушілері екен. Әрбір бала шамамен өз уақытының 30 пайызын экранның алдында өткізеді. Ол орта есеппен мектепке барғанша 5 мың сағат, мектеп бітіргенше 19 мың сағат теледидар алдында отырады екен. Балаларымыз теледидардан не көрсе, соған еліктейді, жақсы мен жаманды да содан үйренеді. Сондықтан қазіргі кезде заманауи мультфильмдердің мектеп жасына дейінгі балалардың психикасына тигізетін әсері өзекті мәселеге айналып отырғаны сөзсіз.

Мультфильмдерді қарау балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуда айтарлықтай әсер етеді, қажетті қасиеттерді тәрбиелеуге және мінез-құлық ережелері мен нормаларын енгізуге және эмоционалды-адамгершілік сферасының дамуына көмектеседі. Материалды дұрыс таңдау балалардың әртүрлі мәселелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Соның ішінде қарым-қатынас проблемаларымен, балалық шақтағы қорқынышпен, мазасыздықпен, өзін-өзі қабылдаумен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Мультфильмдерді қарау процесінде балалар жақсылық пен жамандық туралы, жақсы мен жаман мінез-құлық ережелері мен стандарттары, сезімдер мен эмоцияларды тану қабілеттері туралы түсініктерін қалыптастырады [3].

Балаға мультфильмдер көру пайдалы, өйткені бұл іс-шара оған ұнайды және ол онда көрсетілген ережелерді үйренеді. Сонымен қатар, мультфильмдер, әдетте, түрлі-түсті безендірілген, оларда кейіпкерлер бір-бірімен сөйлеседі, бұл да баланың дамуы үшін пайдалы екендігі сөзсіз. Мультфильм көргеннен кейін балалар көбінесе белгілі бір сипаттамалары бар басты кейіпкерлерді есіне алады. Сондықтан, бұл басты кейіпкерлердің типтері, олардың негізгі және маңызды сипаттамалары, түсіну үшін өте маңызды. Яғни, мультфильм баланың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ете алады, немесе керісінше кедергі келтіруі мүмкін. Егер мультфильмде тәрбиеге қарсы потенциал болса немесе баланың жасына сәйкес келмесе, онда мультфильмнің әсері әлі де болады және ол жоспарланған нәтижеге мүлдем әкелмеуі мүмкін. Сыртқы құбылыстарға сын көзбен қарауды әлі білмейтін балаларға бұқаралық ақпарат құралдарының кері әсері қауіпті болуы мүмкін. Жағымсыз әсерлерді бейтараптандыру немесе оларға мүлде жол бермеу және жағымды әсерді күшейту үшін мультфильмдерді «мақсатты тәрбиешілер» факторына енгізу қажет. Ол үшін мультфильмдердің білім беру әлеуетін бағалау және оларды мақсатты пайдалану қажет.

Көптеген елдерде бала тәрбиесіне, соның ішінде балаларды мультипликациялық кино арқылы тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Мәселен, Жапонияда балаларға салт-дәстүрін, өзара қарым-қатынас этикасын, адамның ортада өзін ұстау мәдениетін мультфильм арқылы үйретсе, АҚШ бұл әдіспен математика, география, физика пәндерінің негіздерін оқытуды мақсат ететіні байқалады. Ал Қытай болса анимация өнері бойынша бірінші орында. Олар ұлттық мүддені ғана көздейтін мультфильмдерді шығару арқылы бала санасына Отанға деген сүйіспеншілігін оятуға тырысады. Ресейде ертегі мультфильмдері арқылы өз балаларын Отанын, халқы сүюге, батырлыққа тәрбиелейді екен. Олар көбінесе Крыловты мысалдарын немесе тарихта болған батырларын кейіпкер ретінде алып, тамаша мультфильмдер жасап шығарды. Отандық өнімдер сапа жағынан да шетелдіктерден қалысып жатқан жоқ, ал мағына

жағынан әлдеқайда озып тұр. Мәселен, «Мұзбалақ» мультфильмінің өзі қытай мен кәрістің фильмдерін графика, анимация жағынан да, беретін рухымен де жолда қалдырады. Ал режиссер Батырхан Дәуренбековтың «Қазақ елі» атты анимациялық фильмі бала түгілі, ересектер қараса да артық етпейтін тамаша туынды [4].

Мектепке дейінгі жаста балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуда мультфильмдердің пайдасы мен зиянын анықтау мақсатында ата-аналарға сауалнама өткіздік;

Сауалнаманың мақсаты: балаларға ұнайтын, тәрбиелік мәні бар мультфильмдерді көрсетудегі ата-аналардың ой-пікірлерін білу.

Абдиева Арай, заңгер:

– Мультфильм – нағыз идеологиялық қару. Мультфильм арқылы бүгінгі баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеуге болады. Қазақ баласына батырларды дәріптейтін, қазақтың тарихымен таныстыратын, қазақ халқының рухын асқақтатып, ержүрек, елжанды болып қалыптасуына ықпал ететін мультфильмдер керек. Ал, шетелдік мультфильмдердің көрсетіліміне тыйым салынса. Әсіресе, «Никеллодеон», «Картун Нетуорк» сынды арналарды мүлдем көрсетпесе деген ниет бар. Бұл арналардан берілетін дүниелер баланың санасын улап жатқаны айтпаса да түсінікті.

Шырынова Ақмарал, зейнеткер:

– Жалпы, балаларыма қазақша түсірілген мультфильмдерді көрсетуге тырысам. Сондықтан, біздің үйде үнемі «Балапан» арнасы қосулы тұрады. Өйткені, балақайларға арналған базарлықтар тек осы арнада ғана көрсетіледі. Балаларым «Мұңлық-Зарлық» және «Қанатты Барыс» сияқты мультфильмдерді сүйіп көреді. Сонымен қатар, «Қошқар мен теке», «Құйыршық» мультфильмдерін айтуға болады. Кейде орыстың «Карусель» арнасынан берілетін кейбір мультфильмдерді тамашалайды. Байқағаным, қазақша түсірілген мультфильмдер өте аз. Сондықтан, қазақ мультфильмінің қанат жайып, өркендеуіне көбірек көңіл бөлінсе екен деген тілек бар

Муратбаева Әлия, үй шаруасындағы әйел:

– Бес жастағы ұлым мен үш жастағы қызым мультфильм көргенді жақсы көреді. Тіпті, сол мультфильмдердегі кейіпкерлердің қимыл-әрекеттерін, сөздерін қайталап жүретінін бірнеше рет байқадым. Балаларым мультфильмнің түрін де талғамайды. Қызық болса, ұзақ уақыт отырып көре беруге де бар. Бірақ, мен шектеу қоямын. Теледидардың алдында бір сағаттан артық отыруға рұқсат бермеймін.

Сағипова Гулай, аудармашы:

– Әлбетте, балаларымызға қазақы болмысқа, табиғатына жақын түсірілген мультфильмдерді көрсеткіміз-ақ келеді. Бірақ, «Тасбақа ниндзялар», «Губка Боб», «Өрмекші адам», «Маша мен аю», «Шрэк», т.б. дүниелер бүгінгі баланың сүйікті мультфильмдері екені сөзсіз. Оның үстіне, төл өнерімізге деген қамқорлықтың аздығынан шығар, базарда сатылатын дискілердің көбі де шетелдік мультфильмдер. Қазақша мультфильмдердің дискілерін табу қиын. Тапқан күннің өзінде, бұл дискілердің сапасы сын көтермейді.

Айсұлу, үй шаруасындағы әйел:

– Балаларым, тіпті, өзім де «Саяхатшы Дара», «Диого» сынды мультфильмдерді тамашалағанды жақсы көреміз. Шетелдік өнім болғанмен, қазақша аудармасы түсінікті, сапалы жасалған. Бұл мультфильмдердің баланың интеллектуалды қабілеттерін арттыруда ықпалы зор. Балаларға осындай мультфильмдер көбірек түсірілсе.

Есенжолова Томирис, мұғалім:

– Бүгінде теледидарға телмірген қаракөз балаларымыздың санасы атыс-шабысқа толы, өзге мәдениет пен тәрбиені, батыстық идеологияны насихаттайтын дүниелермен улануда. Өйткені, бізде балаларға арналған бір-ақ отандық арна бар. Бұл аз. Қалғаны шетелдік телеарналар. Ал бұл арналардан көрсетілетін мультфильмдерден бала түгілі, өзіңіз шошисыз. Сондықтан, балаларға арналған және оларға ұлттық тәрбие беретін телеарналар санын көбейту керек. Тіпті, тек қазақша мультфильм ғана көрсететін арна ашса, артық болмас еді. Қазақша түсірілген мультфильмдерді де молайтқан абзал.

Сауалнама нәтижесіне келер болсақ, ата-аналардың басым көпшілігі шетелдік мультфильмдерді көрсеткеннен көрі, Отандық өнімдерді қолдайтын болды және балаларға мультфильмдерді қазақ тілінде көрсеткенді дұрыс көретіндерін байқадық. Мультфильмдерді балаларға көрсетуге байланысты ата-аналарға бірнеше кеңесімізді ұсынамыз.

Ата – ана мультфильмді балаға көрсетпес бұрын өзі қарап алу қажет. Қай мультфильмді қараса да, ата анасы мүмкіндігінше бірге көргені абзал. Түсініксіз жерін түсіндіріп, жаман кейіпкерлерінің жаман жерін, жақсы кейіпкердің үлгі аларлық тұстарын айтып отырғаны дұрыс. Мультфильм кезінде баланың көңіл- күйін бақылау. Мультфильм көруге ыңғайлы кез күндіз болғандықтан, түс мезгілінде қарау. Баланың жас шамасын ескеру, 3 жасқа дейінгі балаларға жануарлары, қысқаша өлеңдері бар мультфильмдерді көрсету. 3 жастан жоғары балаларға адалдық, достық, адамдар арасындағы тату тәтті қарым- қатынас жайлы мультфильмдер көрсету. Мультфильм аяқталған соң оны міндетті түрде баламен бірге талқылау керек [5].

Ата-әжелерімен, ата-аналарымен, аға - інілерімен бірге қарауға және әңгімелеп айтуға арналған мультфильмдер топтамасы

Қазақстандық мультфильмдер топтамасы	Шетелдік мультфильмдер топтамасы
Батырлар жайлы мультфильмдер	
«Наурызбай батыр», «Қажымұқан» «Ер Төстік», «Күлтегін», «Алпамыс батыр», «Толағай», «Боран батыр», «Бәйдібек батыр», «Абылай хан», «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Оқсыз оқиғасы» т.б.	
«Қазақстан барысы» (8 минут), «Толағай»(12минут), «Қарлығаштың күйрегі неге айыр»(9 минут), «Жақсылық пен Жамандық» (5 минут), «Екі дос» (2 минут), «Дастархан» (8 минут), «Алдар көсе» (9 минут), «Жерұйық», (10 минут), «Момын мен қарақшылар», (12 минут), «Тазша бала», (13 минут)	«Бауырсақ»(9 минут), «Жеті лақ пен қасқыр»(10 минут), «Шалқан» (3 минут), «Балықшы мен алтын балық»(5 минут), «Үш аю» (8 минут, «Түлкі мен тырна» (4 минут), «Үйшік» (5 минут), «Қызыл телпек» (10 минут), «Су анасы» (4 минут), «Ұсқынсыз үйрек» (6 минут)

Біздің ұсынысымыз: Алпамыс, Қобыланды, Қажымұқан, Қамбар сияқты батырларымыздың қаһармандығы туралы толық метражды мультфильм түсіру; Ертегілеріміз Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ сынды кейіпкерлерді мультфильмдік образға айналдыру; Шетел мультфильмдерінің ішінен балалардың дамуына ықпалы бар түрлерін қалдырып, қалғандарын қысқарту; Өзіміздің Тазша балаларымыз бен алып Алпамысты, қайсар Қобыландыны көрсетіп, ұлдарымызды ұлтжандылыққа, қыздарымызды қылықты болуға үндеу қажет; Мультипликаторлар, режиссерларға жағдай жасап, қаржыландыру; Қазақтық тамырға балта шаппас үшін ұлттық нақыштағы, бүлдіршіндерімізге ұлттық рух пен ұлттық намыс дарытатын мультфильмдерді өмірге әкеліп, көгілдір экранымызды түзеуіміз керек.

Ойымызды қорытындылай келе, Қазақтың баласы тамырынан қол үзіп қалмасын десек, ұлттық нақыштағы, бүлдіршіндерді қызықтыра білетін, бір көргенде елітіп әкететін мультфильмдер түсіру керек. Өскелең ұрпақтың қоғамның толыққанды, парасатты тұлға болып қалыптасуына көгілдір экранның тигізетін әсері мол. Сондықтан да, ел боламыз десек, экранымызды түзеуіміз керек. Әрине, баланы мультфильмнен біржолата тиып тастай алмайсың, себебі, мультфильмнің тәрбиелік мәні зор. Сондықтан ата – аналар да, мұғалімдер де, мультфильм арқылы бүлдіршіндерді ұлтжандылыққа тәрбиелеуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аромаштам М. «Мультфильм көретін балалар»: психологиялық-педагогикалық жазбалар./Балабақшада мультфильмдер шығару тәжірибесі. /М.Аромаштам. -М.: Тоғандарды тазалаңыз. - 2006 ж.
2. Қазақ мультфильмі–өзекті мәселе.<http://anatili.kz/?p=579>
3. Би Х. Развитие ребенка. М.: Питер, 2004. - 768с.
4. Глушкова Е. Телевидение и здоровье детей. // Дошк. восп. - 1989. - №4. -С. 88-91.
5. <https://almaty-akshamy.kz/bala-y-z-andaj-mul-tfil-m-k-redi-2/>